

## **Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебі бойынша 2020-2021 жылдардағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру туралы жұмысы**

Қазіргі таңда балалар өмірін кездейсоқ жол – көлік оқиғаларынан қорғау – мәні зор мәселелердің бірі болып отыр. Еліміздің барлық қала, ауылдарына ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындағаны жөн. Жолда жүру ережелерін бұзбас үшін сол ережелерді орындау қажеттілігін түсіну аз, оларды нақты білу керек.

**2020-2021 оқу жылы** Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебінде Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1 – 4 – ші сыныптар бойынша әр сыныпқа 6 сағат, 5 – 8 – ші сыныптарда әр сыныпқа 10 сағат жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарында сынып жетекшілер сабақтар жүргізіп, арнайы бет ашып журналға тақырыбын, мерзімін толтырды.

«Жолда жүру ережесін сақтаймыз» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізіліп, мектепшілік дипломдармен марапатталды.

Сонымен қатар 5-10 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесі», «Жол қозғалысының қауіпсіздігі» т.б. тақырыптарында тәрбиелік шаралар, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Сәуір айында аудандық «Жас жол инспекторлар» байқауы онлайн өтті. Оған мектебіміздің «Жас Ұлан» тобы қатынастырылды.

## **Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебінің 2020-2021 жылдары аралығында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша атқарылған іс-шаралар фотолар**

